

Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 сәуірдегі № 506 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 970 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 970 қаулысымен.

Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының
Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес құрамда Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия)
қ ұ р ы л с ы н .

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 3

с ә у і р д е г і

№

5 0 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссияның
құрамы**

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі, төраға
Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары, төрағаның
о р ы н б а с а р ы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Заңнама департаментінің
д и р е к т о р ы , х а т ш ы

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының

орынбасары (келісім бойынша)
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жауапты хатшысы
Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің жауапты хатшысы
Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің жауапты хатшысы
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты хатшысы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары
Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) төрағасының орынбасары

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасының судьясы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасының судьясы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма мүшесі, басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

«Ғ. Сапарғалиев атындағы Мемлекет және құқық ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, заң ғылымдарының докторы (келісім бойынша)

Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастығының сарапшысы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

23

сәуірдегі

№

506

қаулысымен

бекітілген

Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен құқықтары

3. Комиссияның негізгі міндеттері және функциялары:

1) қолданыстағы әкімшілік заңнаманы талдау қорытындылары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізу үшін ұсынылатын өзгерістер мен толықтыруларды қарау;

3) мемлекеттік органдардың әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ұсыныстарын қарау;

4) әкімшілік заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу;

5) Комиссияның құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді және функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

4. Өзінің міндеттері мен функцияларына сәйкес Комиссияның:

1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;

2) әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуге;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін (келісім бойынша) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Комиссияның отырыстарына шақыруға және тыңдауға;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және басқа да ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға;

5) уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптау және жұмыс топтарын ұйымдастыруға;

б) Комиссияға жүктелген міндеттерді және функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқығы бар.

3. Комиссия қызметін ұйымдастыру

5. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарда төрағалық етеді, жұмысты жоспарлайды, шешімдердің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орындайды.

6. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

7. Жұмыс органы Комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Комиссия мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

8. Комиссияның отырыстары күнтізбелік жылғы айдың екінші жұмасында, қажет болғанда, Комиссия төрағасы белгілейтін өзге де күндерде өткізіледі. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелері жалпы санының кемінде жартысы қатысқан кезде заңды деп саналады.

Ескерту. Ереже 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 541 Қаулысымен.

9. Отырыстың күн тәртібін, сондай-ақ оның өткізілетін орны мен уақытын Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің келісімі бойынша белгілейді.

10. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен жүргізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда ол жазбаша түрде баяндалуға және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру

парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға
мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын Комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссия мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

11. Комиссияның құзыретіне қатысты қажетті материалдарды әзірлеу үшін ұйымдар, жоғары оқу орындары, сондай-ақ ғалымдар мен біліктілігі жоғары мамандар тартылуы мүмкін.

11-1. Дауыс беру парақтарымен қоса Комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

Ескерту. Ереже 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

12. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тоқтатады.